

Қызметкерлердің еңбек міндеттерін атқару кезіндегі зақымдануы салдарынан денсаулығының бұзылуына немесе жарымжан болуына байланысты медициналық-әлеуметтік сараптау комиссияларының (МӘСК) оның кәсіптік еңбек қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу тәртібі туралы Нұсқама

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасарының 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2-3747 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 15 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 96. Күші жойылды - ҚР Еңбекті және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 8 қазандағы N 228-ө (V043174) бұйрығымен.

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 наурыздағы N 201 қаулысымен бекітілген еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмысшылар мен қызметкерлердің зақымдануы салдарынан денсаулығының бұзылуына немесе жарымжан болуына <*> себепкер барлық нысандағы кәсіпорындар <*>, мекемелер, ұйымдар тарапынан келтірілген зиянның орнын өтеудің қағидасына сәйкес еңбекте зақымданған қызметкердің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін медициналық-әлеуметтік сарап комиссиясы (МӘСК) (процентпен) белгілейді.

Ескерту. Бұдан былай - еңбек жарақаты.

Бұдан былай - жұмыс беруші.

2. МӘСК кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін анықтай отырып, негізді болған жағдайда зардап шегушінің сол аталған еңбек жарақтарынан мүгедек болғандығын тану мүмкіндігі және оның көмектің қосымша түрлерін қажет ететіндігі туралы мәселені қарайды.

II. Кәсіптік еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу тәртібі

3. Кәсіптік еңбекке қабілеттілік - бұл өз мамандығы бойынша еңбек етуге қабілеттілік немесе еңбекақысы мен біліктілігі бойынша соған тең дәрежедегі кәсіп бойынша еңбек ете алатын қабілеттілік болып табылады. Зардап шегушінің бірнеше мамандығы болған жағдайда, кәсіптік еңбекке қабілетінен айырылу процентін анықтау кезінде, жұмыс істеп жатқанда денсаулығына зиян келтірілген кездегі мамандығы еңбек стажын құрайтын және оның жалғасы саналатын, жоғары білікті немесе арнаулы білім алу жолымен игерілген мамандықты негізгі

мамандыққа есептеген жөн.

4. Кәсіптік еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін еңбек міндеттерін атқарумен байланысты болған жарақаттың зардабына орай МӘСК анықтайды.

5. Кәсіптік еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау кезінде МӘСК организм функцияларының бұзылу көрінісін белгілейді, бұл:

- функциялардың толықтай жойылуы немесе зақымданудың ерекше көріну с и п а т ы ;

- функциялардың айрықша бұзылуы;

- функциялардың біршама бұзылуы.

6. Мүгедектік тобын және кәсіптік еңбек қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау кезінде МӘСК сонымен бір мезгілде жойылған функциялардың орны толу дәрежесін, зардап шегушінің негізгі мамандығы бойынша сол немесе өзге жұмысты немесе квалификациялар мен еңбекақы бойынша оған тең жұмыс дәрежесін орындау мүмкіндігін, квалификация бойынша оған жақын жұмыстарда әдеттегі немесе арнайы жағдай жасалған жұмыстарда еңбек ету мүмкіндігін анықтайды. Сондай-ақ МӘСК мамандықты қайта өзгерту, қайта оқыту және жаңа мамандық беру мүмкіндігін, айқындайды. Бұл 40 жасқа дейінгі адамдарға қ а т ы с т ы .

7. Еңбек жарақаты бойынша мүгедектік тобын белгілейтін деректер болмаған жағдайда және зардап шегуші өз мамандығы бойынша, бірақ жұмыс жағдайлары біршама өзгертіліп, еңбекақысы азайтылмай немесе азайтылып еңбек ете алатын болса, өзінің біліктілігі мен жалақысына бара-бар мамандықпен ауыр қол жұмысын орындайтын адамдарды еңбекке орналастыруды және жалақысын азайтуда қиындықтар туындаған жағдайда еңбек ету қабілетінен 5 проценттен 30 процентке дейін айырылған деп немесе еңбек ету қабілетінен айырылу процентін белгілемей-ақ қосымша көмек түрлері белгіленеді.

8. Еңбек зақымының зардабы негізгі мамандығы бойынша еңбек етуге мүмкіндік бермей бірақ ол одан төменгі квалификациядағы және жалақысы төмен шағын жұмыстарды атқара алса, кәсіптік еңбек ету қабілетінен 30-дан 60 процентке дейін айырылған деп белгіленеді.

9. Егер зардап шегушінің функцияларының бұзылуы айқын көрініп тұрса және тек қана арнайы жасалған жағдайларда істей алады деп көрсетілсе онда кәсіптік еңбек ету қабілетінен 70 процент және одан да жоғары процент айырылған деп белгіленеді.

10. Зардап шегушінің еңбек қабілетінен айырылуы немесе зақымданған функциялары көзге көрініп тұруы кез келген жұмысты, тіптен арнайы жағдай жасалған жұмысты атқаруға мүмкіндік бермесе, кәсіптік еңбек ету қабілетінен 100 процент айырылған деп белгіленеді.

11. Бір кәсіпорында бірнеше рет жарақат алса, немесе сол жұмысты атқаруда

денсаулығына зақым келсе кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу проценті сол келтірілген зақымданудың жалпы қосындысы мөлшерінде белгіленеді. Егер әртүрлі кәсіпорындарда жарақат алып, денсаулығы бұзылса кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау әрбір оқиға бойынша жеке, бөлек-бөлек жүзеге асырылады.

12. Егер осы еңбек жарақатына байланысты зардап шегушіге еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі бұрын да белгіленген болса, МӘСК оны зардап шегушінің өтініш берген уақытына қарамастан, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін бұрынғы белгіленген мерзімі біткен күннен бастап белгілейді, бұл орайда МӘСК зардап шегушінің кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылған сол кездегі денсаулық жағдайын сипаттайтын емдеу-алдын алу мекемелерінің мәліметтерін пайдаланады.

13. Кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін анықтаған кезде қайта куәландыру мерзімі еңбек жарақаты зардабынан сипатына, медициналық және әлеуметтік-еңбек оңалту шараларының ықпалымен еңбек қабілетінің толықтай немесе ішінара қалпына келу мүмкіншілігіне қарай алты айдан кейін, бір немесе екі жылдан кейін белгіленеді.

14. Егер еңбек зақымының зардабы анатомиялық кемістікке жататын болса, сондай-ақ еркектер 60 жасқа ал әйелдер 55 жасқа толғанда мүгедектік тобы және кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу проценті мерзімсіз уақытқа белгіленеді. Ондай адамдар денсаулық жағдайы нашарлаған кезде денсаулық сақтау органдарының, халық сотының жолдамасымен, сондай-ақ жұмыс берушінің тілегі және зардап шегушінің өтініші бойынша қайта куәландырылады.

15. Егер зардап шегуші МӘСК-ге клиникалық диагнозы негізделіп жіберілсе және ол сараптық шешім шығаруға мүмкіндік бермесе МӘСК диагнозды және организм функциясының бұзылу дәрежесін анықтау мақсатымен, қосымша амбулаториялық немесе стационарлық тексеруден өткізу үшін ауруды емдеу-алдын алу мекемелеріне жібереді немесе қажетті мәліметтерді, соның ішінде стационарда емдеушінің медициналық картасының көшірмесін, амбулаториялық емдеуде жүрген аурудың медициналық көшірмесін, амбулаториялық емделуде жүрген аурудың медициналық картасын сұратады.

III. Еңбек жарақатына байланысты зардап шегушінің қосымша шығындарға мұқтаждығын анықтаудың тәртібі

16. МӘСК зардап шегушінің қосымша күтімге, тамаққа, оның ішінде арнайы медициналық, дәрі-дәрмекке, ауруды күту үшін керек-жараққа, санаторий-курорттық емделуге, протездеуге, қозғалыс құралдарына, т.б. мұқтаждығы туралы шешім шығарады.

17. Бөгде адамның күтімі жасауына және мамандандырылған медициналық күтімге жұмсалатын шығындардың орны МӘСК-ның қорытындысы бойынша (бірінші топтағы мүгедектерден өзге) өтеледі. Күнделікті тұрмыста өзін күте алмайтын (кір жуу, бөлме жинау, тақта жуу, үй жұмыстарын орындау сияқты) зардап шегушінің тұрмыстық күтімді қажет ететіні туралы қорытындыны соттың шешімі бойынша МӘСК шығарады.

18. Протез-ортопедия бұйымдары туғаннан кейін жаңадан протез жасатуға жұмсалатын шығындар зардап шегушінің сол немесе басқа протез түрлеріне мұқтаждығы туралы МӘСК-ның қорытындысы бойынша сол адам берген мемлекеттік протез кәсіпорындарының есеп-шоты негізінде өтеледі.

19. Зардап шегуші адамның арнаулы көлік сатып алуға жұмсалатын шығындарын жұмыс беруші МӘСК-тің қорытындысы бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес төлейді.

20. Зардап шегушінің осы жарақаттың салдарынан денсаулығының бұзылуына байланысты санаторий-курорттық емделуді қажет ететіндігі туралы МӘСК-нің қорытындысы бойынша санаторий-курорттық емдеу шығындарын жұмыс беруші өтейді: оған не тегін жолдама беріледі немесе оның бағасы және санаторияға бару және қайту жолы төленеді. Жекелеген жағдайларда алып жүретін адамды қажетсінетіні туралы МӘСК шешім қабылдайды, ал бұл алып жүруші адамның жол шығынын өтеуге негіз болады.

21. Егер зардап шегушінің денсаулық жағдайының нашарлауы тамақ қуатының кемуімен байланысты болса, кәсіпорын МӘСК-нің қорытындысын негізге ала отырып, тамақтануға кеткен қосымша шығынның орнын өтейді.

22. Егер денсаулық жағдайы еңбекте жарақаттануға байланысты нашарлап, емделуді қажет етсе, МӘСК-тің қорытындысы бойынша дәрі-дәрмек алу шығындарын жұмыс беруші өтейді.

IV. Сараптау құжаттарын ресімдеудің тәртібі

23. Зардап шегушіні МӘСК-те куәландыру және қайта куәландыру ісі тиісті емдеу-алдын алу мекемесінің жолдамасымен тұрғылықты жерінде тіркелген емдеу-алдын алу мекемесінде жүзеге асырылады.

24. Бірінші рет куәландырудан өтерде зардап шегуші МӘСК-ке мыналарды тапсыруы тиіс:

- өндірістегі бақытсыздық жағдай туралы акт;
- өзі бақылауда болған емдеу мекемесінен N 088У форма бойынша МӘСК-ке жолдама;

- кәсіптік ауру жағдайында-профпатологиялар орталығының-мамандандырылған емдеу-алдын алу мекемелерінің (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ғылыми зерттеу институтының бөлімдері мен клиникалары)

қ о р ы т ы н д ы с ы .

Зардап шегушіні қайта куәландыруды МӘСК емдеу мекемелерінің жолдамасы бойынша (N 088У форма) өткізеді.

ЕСКЕРТУ. 24-тармақтың 4-абзацы алынып тасталды - ҚР Халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1996.10.31. N 99 бұйрығымен .

25. Асыраушының қайтыс болуына байланысты келтірілген зиянның орнын өтеуді талап етуші адам МӘСК-ке алғаш рет мүгедектік белгілеу үшін мыналарды тапсыруға тиіс:

- жұмыс берушінің немесе халық сотының (хаты) жолдамасы (еркін формадағы) ;

- олар бақылауында болған емдеу мекемесінің N 088У форма бойынша М Ә С К - к е ж о л д а м а с ы ;

Қайта куәландыруда емдеу мекемелерінің жолдамасы (N 088У форма) болса ж е т к і л і к т і .

26. Егер зардап шегуші еңбекте зақымдану салдарынан бұрынғы айлық табысынан айрылып қалған күннен бастап үш жыл өткенге дейін МӘСК-ке хабарласса, онда МӘСК кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін еңбекте зақымдану салдарынан бұрынғы айлық табысынан айрылып қалған күннен бастап белгілейді.

27. Зардап шегуші еңбекте зақымдану салдарынан бұрынғы айлық табысынан айырылып қалған күннен бастап үш жыл өткенге дейін МӘСК-ке хабарласқан жағдайда, МӘСК кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін жұмыс берушіге хабарласқан күннен белгілейді. Мұндай жағдайда кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі өткен уақытқа белгіленбейді.

28. Егер жарақаттану немесе денсаулыққа басқа да зиян келу жұмыспен байланыссыз болса, зардап шегушінің еңбек ету қабілетінен айырылу туралы қорытындыны денсаулық сақтау органдарының сот-медициналық сараптау комиссиясы береді. Қамау орындарында жазалау мерзімін өтеп жүрген азаматтар , өндірісте бақытсыздыққа душар болған жағдайда кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін процентпен белгілеу үшін сот-медициналық сараптау органдарында куәландырудан өтеді, өйткені олар бас бостандығынан айыру орындарында еңбек қатынастарында болмайды және олар жұмысшылар мен қызметшілер болып табылмайды.

Міндетті түрде еңбекке тартумен байланысты шартты сотталған, өндірісте денсаулығына зақым келген адамдар (зақымдануды, ауруды), белгіленген тәртіппен МӘСК-тің куәландіруінен өтеді.

29. Кәсіптік еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау нәтижесі, қосымша көмек түрлеріне мұқтаждығы туралы анықтама куәландырылған адамның қолына беріледі, кәсіптік еңбек ету, қабілетінен айырылу дәрежесін

9. Емдеу алдын-алу мекемесінің бақылауында 199_ж."_"_____нан болды.

Под наблюдением лечебно-профилактического учреждения с
"_"_____199__ж.

10. Ауру тарихы (басталуы, дамуы, ағымы, қайталау көздері,
жүргізілген ем, алдын алу, еңбекке жарамдылығын қалыпқа келтіру).

История настоящего заболевания (начало, развитие, течение, даты
обострений, проведенные лечебно-профилактические мероприятия,
меры по восстановлению трудоспособности)_____

11. Уақытша еңбекке жарамсыздық жиілігі және ұзақтығы
(соңғы 12 айдағы мәлімет)

Частота и длительность временной нетрудоспособности
(сведения за последние 12 месяцев)

айы-күні	Аурудың атауы
число месяца	Название болезни
с _____ по _____	

----- кесу сызығы-линия отреза---

Қазақстан Республикасының _____ Мекеменің атауы, мекен жайы
денсаулық сақтау министрлігі _____ Наименование учреждения, адрес
Минздрав Республики Казахстан _____

МӘСК шешімі жөніндегі емдеу алдын алу мекемесіне хабарламасы
Извещение лечебно-профилактического учреждения о решении МСЭК

1. Науқастың аты-жөні _____

Фамилия, имя, отчество больного

2. Уақыты _____

3. Акт N _____

Дата

Н а к т а

4. МӘСК диагнозы _____

Д и а г н о з М С Э К

12. Соңғы жылғы жұмыс жағдайының немесе кәсібінің өзгеруі: _____

Изменение профессии или условий работы за последний год:

13. МӘСК-ке жібергенде науқастың жағдайы (дәрігерлердің, оның ішінде невропатолог, терапевтің жан-жақты тексерулерінің қ о р ы т ы н д ы с ы)

Состояние больного при направлении на МСЭК (данные объективного обследования терапевта, хирурга, невропатолога и других врачей)

14. Рентгенологиялық зерттеулер: _____

Рентгенологические исследования:

15. Лабораториялық зерттеулер: _____

Лабораторные исследования

16. МӘСК-ке жолдағандығы диагнозы:

Диагноз при направлении на МСЭК:

а) негізгі ауруы (қабылданған классификация бойынша клиникалық сипаттама, ағза функциясының (қызметінің) нашарлау деңгейі):
основное заболевание (клиническая характеристика по принятой классификации, степень нарушения функций организма):

б) ілеспелі аурулары: _____

сопутствующие заболевания:

в) асқынуы: _____

о с л о ж н е н и я :

17. МӘСК-ке жолдама берілу себебі: мүгедектік белгілерінің болуы, мүгедектік уақытының бітуі, қайтадан куәландыру, уақытынан бұрын куәландыру, сырқат парағының мерзімін ұзарту (сызыңыз).

Основание для направления на МСЭК: наличие признаков инвалидности, окончания срока инвалидности, переосвидетельствование, досрочное переосвидетельствование, необходимость продления больничного листка (подчеркнуть).

ДБК төрағасы _____ Мүшелері _____

Председатель ВКК _____ Члены

----- кесу сызығы -линия отреза-----

5. МӘСК дәйектемесі _____

З а к л ю ч е н и е М С Э К

6. Әлеуметтік-еңбекке қатыстыру жөніндегі ұсыныстар _____

Рекомендации по социально-трудовой реабилитации _____

7. Денсаулық жағдайы жақсарту жөніндегі ұсыныстар _____

Рекомендации по медицинской реабилитации _____

МӘСК төрағасы _____ Жіберілген уақыты

Председатель МСЭК _____ Дата отправки " __ " _____ 199_ж.

г.